

23.05.2019-ҒЫ № 2339-1-5116/11-2
ШЫҒЫС ХАТЫ
23.05.2019-ҒЫ № 2397/ДС-82 кіріс
ХАТЫ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ



**МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісі**

*2019 жылғы 5 мамырдағы
№ ДС-82-депутаттық сауалға*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Сіздер жолдаған 2019-2020 оқу жылында білім беру ұйымдарына ұсынылатын оқулықтарға қатысты депутаттық сауалдарыңызға қосымшада берілген ақпаратты жолдайды.

Қосымша: 3 бетте.

Министр

К. Шәмшидинова

А. Джумагулова, 742736

**Парламент мәжілісі депутаттарының оқулықтарға байланысты
айтылған сын-пікіріне жауап**

Алматыкітап баспасының 4-сыныбына арналған «Әдебиеттік оқу» және «Математика» оқулықтарына айтылған сын-пікірлер оқулықтардың әлі басылымға жіберілмеген нұсқасына қатысты. Бұл ескертулердің барлығы баспа алдындағы даярлық жүргізу кезінде түзетілген. Нақтылап өтетін болсақ:

«Математика» оқулығы бойынша:

1. *«Оқулық 7-беттен басталады» деген ескертпе бойынша жауап* Оқулықтың 1, 2-беттері шығу беттері болып саналады, ал балаларға арналған материал 3-беттен басталады. Бұл бетте оқушыға арналған алғысөз берілген. 4,5-беттерде оқулықтың бағдарлау аппаратымен, яғни шартты белгілермен қалай жұмыс істеу керектігі туралы түсініктеме беріледі. 6-бетте жаңа басталатын тараудың оқу мақсаттары беріледі. Оқушы оқулықпен дұрыс жұмыс істей алуы үшін бұл мәліметтер қажет.

2. *«31-беттегі 4 а есептің кестесінде ұлттық валютаның ағылшын тіліндегі (KZT) қысқартылған нұсқасы берілген, оның орнына мемлекеттік тілдегі (тг) деп берілуі керек»*

Ұлттық валюта сараптама барысында «теңге» деп түзетілген.

3. *«56-бетте 14-сабақ евро, доллар, «Валюталармен орындалатын операциялар» тақырыбында Қазақстанның төл валютасын бермей тұрып, шетелдік валюталарды беру өрескел қате» деген пікірге қатысты*

2-3-сыныптарда «Математика» оқулығында оқушылар теңгемен жан-жақты танысып, әртүрлі тапсырмаларды жеткілікті орындаған. Оқу бағдарламасына сәйкес оқушылар 4-сыныпта «доллар», «цент», «евро», «евроцент» шетелдік валюталарымен танысуы қажет және бұл материалдар бағдарлама талаптарын орындап отыр. Тапсырмалар үлгілік оқу бағдарламасындағы (ҚР БҒМ 3.04.2013ж. № 115 бұйрығы) 4.1.3.6 оқу мақсатын жүзеге асыру үшін берілген. Оқу мақсатына сәйкес оқушы 10 000 теңгелік және 20 000 теңгелік валютаны басқа елдердің валюталарынан (рубль, евро, доллар) ажырата алып, олармен әртүрлі операциялар жүргізуді үйренуі тиіс.

4. *110-беттің 10-тапсырмасында мәліметтер бойынша есеп құрастыр деп мысалға шаңғышы мен велосипедшінің ұшу жылдамдығын анықта деген ...*

Оқулықтың алғашқы нұсқасында 110-беттегі 10-тапсырманың шарты «көбелек, қоңыз, ара және торғайдың ұшу жылдамдығын тап» деп берілген болатын, ал Пәндік комиссияға ұсынылған нұсқасында тапсырманың шарты «велосипедші мен шаңғышының жылдамдығын тап» деп ауыстырылып, кестедегі «ұшу жылдамдығы» сөзі ауыстырылмай қалып қойған. Лингвистикалық талдау кезінде оқулықтағы қате түзетіліп, «ұшу жылдамдығы» сөзі «жүру жылдамдығына» ауыстырылды.

5. *Сол сияқты 125-беттегі Асфендияров Санжар Жапарұлының аты Аспандияров Санжар Жапарұлы деп берілуі керек.*

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында (1-том) Асфендияров (Аспандияров) Санжар Жапарұлы деп көрсетілген.

6. *135-беттегі 5-тапсырмада «Дори, Нори, Ори, Бильбо, Беггинс» деген қазақша оқулыққа жат есімдермен мысалдар келтірілген.*

Оқулықта қолданылып отырған **Дори, Нори және Ори** есімдеріне келетін болсақ, бұл балаларға жақсы таныс үздік әлем әдебиеті қатарынан табылатын Джон Рональд Руэл Толкиннің фэнтези жанрындағы «Властелин колец» бестселлерінің кейіпкерлері. Тапсырмада балаларға зерттеу жұмысын жүргізу берілген. Авторлар бұл тапсырманың үштілділікті дамыту және оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында беріліп отырғанын айтады. Депутаттардың ескертпелеріне сәйкес, бұл кейіпкерлердің орнына басқа ұлттық кейіпкерлер алынады.

7. *7-тапсырмада «вид транспорта» деген артық сөз жүр.*

Бұл қателік сараптама барысында түзетілді.

«Әдебиеттік оқу» оқулығына қатысты:

– *Оқулықтың 20-бетінде «Youtube»-тан көруге тапсырма берілген»* деп жазылған. Бұл тапсырма оқулықтың жоба нұсқасында болған, соңғы нұсқада жоқ.

– *19-сабақта «Бұл қай халықтың әліпбиі деп ойлайсың?»* - деген сұраққа сын-пікір айтылған.

Бұл да кітаптың жоба нұсқасында берілген, соңғы нұсқада «*Бұл қай халықтардың жазуы деп ойлайсың?»* деп өзгертілген. Оқушыларға болжау ретінде ұсынылған тапсырма. Сабақ барысында қолданылатын әртүрлі әдіс-тәсілдердің бірі.

– *45-сабақ, 36-беттегі үй тапсырмасы ретінде берілген «Рататуй» мультфильмін көріп мазмұндау ұсынылған, бұл мультфильмді жарнамалаудың қажеті жоқ екені айтылған.*

«Мамандықтар әлемі» тарауында ұсынылған «Рататуй» анимациялық мультфильмі белгілі Рихар студиясында түсіріліп, «Оскар» сыйлығына ие болған. Мультфильм әлемнің бірнеше тіліне, солардың ішінде қазақ тіліне

аударылған және балалар өте қызығып көреді. Дегенмен, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге баспа алдындағы даярлық жүргізу кезінде бұл тапсырма қазақ тіліндегі шығармаға ауыстырылды.

– 111-бет, 6-тапсырмадағы «Хайуанаттарға қиянат кімдердің қолымен жасалады?» деген сұрақтың «тұжырымдалуы дұрыс емес» деп көрсеткен.

Бұл сұрақ оқу мақсатына сәйкес берілген. Өткен тақырыпқа сәйкес хайуанаттарға адам қолымен әртүрлі зәбір көрсетілуінің (браконьерлер, кейбір балалардың жан-жануарларға қорлық көрсетуі) дұрыс емес екендігі талқыланады.

«Мектеп» баспасының 7-сыныпқа арналған «Физика» оқулығы (авт. Кронгарт Б., Токбергенова У.)

1. 109-беттегі жаттығуда «бала бәтеңкесінің ауданы» - деп берілген, «бала бәтеңкесі табанының ауданы»-деп берілуі тиіс.

«Қысымның қатты денелермен берілуі» тақырыбындағы есеп баланың шаңғының үстінде және шаңғысыз тұрғанда көрсетілетін қысымдарды салыстыру мақсатында берілген. Шаңғысыз тұрғанда бәтеңкенің ауданы 214 шаршы см-ге тең. Әрине, бұл жерде бәтеңкенің табанының ауданы деп нақтылауға болар еді, онда шаңғының табанының ауданы деп нақтылауға тура келеді. Бірақ авторлар есеп шартының шұбалыңқы болмауын көздеген.

2. 126-бетте «Атмосфералық қысым» тақырыбында 4,37 суреттегі көрсетілген тәжірибенің түсініктемесінде «колба жағы аздап ауырлайды» - деп жазылған, оның орнына «колба жағы аздап жеңілдейді» - деп жазылуы тиіс.

«Атмосфералық қысым» тақырыбында ауа қысымын анықтаудың классикалық тәжірибесі берілген. Колбаға ауа жіберіп, оны өлшейді, артынан ауаны шығарып жіберіп өлшейді. Осы кезде колбаның салмағы азайып, гір тасының салмағы басып кетеді. Алайда, оқулықтың қазақша нұсқасында техникалық қате кеткен. Тәжірибенің суреті дұрыс берілгендіктен, оқушының дұрыс қорытынды шығару мүмкіндігі бар.